




«Әу Баста» ойыны

	Сандар	Логика	Әртүрлі сайыс
10	<p>Төмендегі пирамидадағы тіктөртбұрыштарға санды келесі ережеге сәйкес жазған: кез-келген тіктөртбұрышта жазылған сан (төменгі қатардан басқа) төменгі қатардағы екі көршілес тіктөртбұрышта жазылған сандардың қосындысына тең. Соңынан кейбір сандарды өшірген. Боялған тіктөртбұрышта қандай сан болуы керек?</p>	<p>Үстел теннисі турнирінде Батырхан, Төребек және Уәлихан өз сыныптарының намысын қорғады. Олардың бірі 4"А" сыныбында, екіншісі 4"Б" сыныбында, ал үшіншісі 4"В" сыныбында оқиды. Алғашқы партияны Батырхан мен 4"А" сыныбының оқушысы ойнады. Екінші партияны Уәлихан мен 4"В" сыныбының оқушысы ойнап, Батырхан демалды. Ұлдардың қай сыныпта оқитынын табыңыз.</p>	<p>Тоқтардың салмақтары 15 кг, 13 кг, 11 кг, 10 кг, 9 кг, 8 кг, 4 кг, 2 кг, 2кг, 1 кг болатын 10 қорапшасы бар. Ол осы қорапшаларды үш жәшікке бөліп салу керек. Әр жәшікке 25 кг-нан артық салуға болмайды. Тоқтарға қорапшаларды жәшіктерге орналастыруға көмектесіңіз.</p>
Жауабы:	3	<p>Уәлихан – 4"А" Батырхан – 4"Б" Төребек – 4"В".</p>	<p>Мысалы, {15,10}, {13,8,4}, {11,9,2,2,1}. Немесе {15,10}, {13,8,2, 2}, {11,9,4,1}. Немесе {15,10}, {13,11,1}, {9,8,4,2,2} Басқа жауаптары болуы мүмкін.</p>
20	<p>10-таңбалы санды жазыңыз. Ол санның бірінші цифры сол санда қанша нөл бар екендігін көрсетеді, екінші цифры сол санда қанша бір бар екендігін көрсетеді, үшінші цифры сол санда қанша екі бар екендігін, солай жалғаса бере соңғы цифры қанша тоғыз бар екендігін көрсетеді.</p>	<p>Жазғы демалыс лагеріндегі 9 оқушы балмұздақты күнде жейді, 11 оқушы балмұздақты әрбір екінші күнде жейді, ал қалған оқушылар балмұздақты мүлде жемейді. Кеше балмұздақты 16 оқушы жеді. Бүгін балмұздақты қанша оқушы жейді?</p>	<p>Әр дөңгелекке сандарды жазыңыз, сонда үшбұрыш құрайтын кез-келген үш санның қосындысы 30-ға, ал төртбұрыш құрайтын кез-келген төрт санның қосындысы 40-қа тең болсын.</p>
Жауабы:	6210001000	13 оқушы	

30	<p>Қай сан қалып қойған?</p>	<p>Теңдік дұрыс болатындай 5 сірңкенің шиін алып тастаңыз.</p> $18 \times 6 = 98$	<p>Басқа жауаптары болуы мүмкін.</p> <p>Суретте қанша тіктөртбұрыш бар? Бірнеше фигурадан тұратын тіктөртбұрыштар да саналады.</p>
Жауабы:	<p>24</p> <p>Оң жақтағы сандардың қосындысы сол жақтағы санды 5-ке көбейткенге тең</p>	$6 \times 6 = 36 \quad 13 \times 6 = 78$	<p>40</p>
40	<p>1-ден 5-ке дейінгі сандардан он әртүрлі қосынды құраңыз, сонда қосылғыштар да, қосындының мәні де әртүрлі болатын болсын.</p>	<p>Футбол ойынынан кейін Бауыржан: «Осы ойында мен басқалардың барлығы соққан голдан 1 гол артық салдым» деді. Асылжан: «Осы ойында мен басқалардың барлығы соққан голдан 2 гол артық салдым» деді. Нұржан: «Бірінші таймда екінші таймға карағанда 2 есе аз гол салынды» деді. Біржан: «Бірінші таймда салынған голдың тең жартысын мен салдым» деді. Шын айтылған тұжырымдардың саны ең көп дегенде қанша болуы мүмкін?</p>	<p>Қасқырдың аулаған балықтарының саны екітаңбалы сан. Барлық балықтарды теңдей екі, үш немесе бес бөлікке бөлуге болады. Қасқыр қанша балық аулауы мүмкін? Барлық мүмкін болатын жауаптарды көрсетіңіз.</p>
Жауабы:	<p>Мысалы, 1+2, 1+3, 1+4, 1+5, 2+5, 3+5, 4+5, 1+4+5, 2+4+5, 3+4+5.</p> <p>Басқа жауаптары болуы мүмкін.</p>	<p>3</p>	<p>30, 60, 90</p> <p>Дұрыс деп саналады, егер барлық жауаптары болып, артық жауап болмаса. Сандардың орналасу реті маңызды емес.</p>
50	<p>Төртінші үшбұрышта қай сан қалып қойған?</p>	<p>Әр саннан шыққан көпірлердің саны сол санға тең болатындай етіп сандарды көпірлермен қосыңыз. Көпірлер белгіленген сызықтар бойымен ғана жүргізіледі әрі</p>	<p>Арман 6 күнде 1024 шыбын ұстады. Күн сайын ол сол күнге дейін барлығы қанша шыбын ұстаса сонша шыбын ұстап отырған. Арман күніне қанша шыбын ұстап отырған?</p>

		<p>қиылыса алмайды. Көпірлер бірлік және екілік (екеу деп санаймыз) болып келеді.</p> 	
<p>Жауабы:</p>	<p>29 Үшбұрыштың ішіндегі сан екі үлкен санның көбейтіндісінен ең кіші санның өз-өзіне көбейтіндісін азайтқанға тең: $9 \cdot 5 - 4^2 = 29$</p>		<p>32,32, 64, 128, 256, 512 Кез-келген ретпен алынған барлық жауаптар</p>
<p>60</p>	<p>Сан палиндром деп аталады, егер санның жазылуындағы оңнан солға қарай цифрлар солдан оңға қарай жазылған цифрлармен бірдей болса, мысалы 24342. 45 санына бөлінетін бестаңбалы палиндромдардың ішінен ең үлкені мен ең кішісін табыңыз. Олардың айырмасы неге тең?</p>	<p>Дөңгелек үстел басында 30 адам – шыншылдар мен өтірікшілер (өтірікшілер әрқашан өтірік, ал шыншылдар әрқашан шындықты айтады) отыр. Олардың әрқайсысының осы үстел басында тура бір досы бар, әрі шыншылдың досы өтірікші болса, өтірікшінің досы шыншыл(достықтары әрқашан шынайы). «Қасыңызда досыңыз отыр ма?» деген сұраққа әрбір біреуден кейін отырғандар «Иә» деп жауап берді. Қалғандарының қаншасы «Иә» деп жауап беруі мүмкін?</p>	<p>Сол жақ суреттегі текшені 27 кішкентай текшелерден құраған. Текшеден ең аз қанша кішкентай текшелерді алып тастағанда төбесінен қарағандағы түрі, оң жағынан қарағандағы түрі, алдынан қарағандағы түрі оң жақ суреттегідей болады?</p> 
<p>Жауабы:</p>	<p>9090=59895–50805.</p>	<p>0</p>	<p>7</p>